


Көрнекті қазақ  
жазушысы,  
балалар  
әдебиетінің  
классигі  
Б.Соқнақбаевтың  
шығармаларын  
бірге оқуға  
шақырамыз!



## Жыл таңдауы 2024




БЕРДІБЕК СОҚНАҚБАЕВ  
Менің атым Қожа



Ағаштар неге шуыланды?



БЕРДІБЕК



Бердібек Соқнақбаев

ӨЛГЕНДЕР

ҚАНТӨККЕ ТМЕТІ



Бердібек Соқнақбаев  
Он алты жасар чеченек

# Ұлы тұлғалардың атаулы күндері

## 2024 жыл



**Жүсіпбек Аймауытұлының туғанына – 135 жыл**

Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы дүниеге келген. Ол қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. «Қартқожа», «Күнекейдің жазығы», «Шернияз», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар» пьесалары, «Комплексті оқыту жолдары», «Жан жүйесі», «Өнер таңдау», «Мағжанның ақындығы туралы» еңбектері бар.



**Сәкен Сейфуллиннің туғанына – 130 жыл**

Ақын, жазушы, драматург, білікті ұстаз, мемлекеттік қайраткері, Қазақстанның қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сәкен Сейфуллин 1894 жылы дүниеге келген. Ол Қазақ КСР-ның Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы болған. 1927 жылы «Тар жол, тайпақ кешу» мемуарлық романы тұңғыш рет Қызылорда қаласында араб қарпімен, ал екінші басылымы 1936 жылы латын қарпімен басылып шығады. 1927 жылы «Жер қазғандар» повесін жарыққа шығарды. «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» (1922 ж.) атты пьесалары «Көкшетау» (1929 ж.) атты поэзиялық жинақтары жарық көрген.



**Ілияс Жансүгіровтің туғанына – 130 жыл**

Ілияс Жансүгіров 1894 жылы 1 мамырда дүниеге келген. Ілияс Жансүгіров – ақын, драмашы, прозашы, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Оның қаламынан туған «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер» сияқты он беске жуық көлемді поэма қазақ поэзиясының інжу маржаны болып табылады.



**Бейімбет Майлиннің туғанына – 130 жыл**

«Үш бәйтеректің» бірі қазақтың көрнекті жазушысы Бейімбет Майлин 1894 жылы туған. Бейімбет поэзия, проза, драма саласында бірдей өнімді еңбек еткен қаламгер. Бейімбет он беске тарта повесть, бұған қоса «Азамат Азаматович» атты роман жазған қаламгер. Оның «Қызыл жалау», «Қоңсылар» атты романдары аяқталмай қалған. Мұның сыртында ол ірілі ұсақты 25 пьеса, либретто, сценарийлердің авторы. Ғабит Мүсіреповпен бірге «Амангелді» фильмінің сценарийін жазған.



**Қаныш Сәтбаевтың туғанына – 125 жыл**

Қаныш Сәтбаев 1899 жылы Баянауыл ауданы, Павлодар облысы аумағында туған. Ол геолог ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик. Қазақ Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының президенті, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик.



**Әбілхан Қастеевтің туғанына – 120 жыл**

Қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график суретшісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы Әбілхан Қастеев Алматы облысына қарасты Жаркент қаласының жанындағы Шежін ауылында туған. 1942 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, 1944 жылы Қазақстанның халық суретшісі болды.



**Шәкен Аймановтың туғанына – 110 жыл**

Шәкен Айманов 1914 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданы Айманбұлақ ауылында дүниеге келген. Шәкен Айманов 1933 жылдан бастап қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы қазақ драма театрында жұмыс істеп, жүзден астам рөлді сомдайды. Олардың ішінде Петруччио («Асауға тұсау»), Хлестаков («Ревизор»), Қодар («Қозы Көрпеш – Баян Сұлу») және басқа да көптеген образ бар. Театрда бірнеше спектакль жүз реттен қойылды. Шәкен Айманов өмірінде фильм түсіріп, жиырмадан астам кейіпкердің рөлін сомдаған.



**Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына – 100 жыл**

Рахымжан Қошқарбаев 1924 жылы 19 қазанда Ақмола облысы Ақмола ауданы Тайтөбе ауылына жақын орналасқан Қырыққұдық қыстағында дүниеге келген. Ол Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен қазақ азаматы, Халық Қаһарманы. 1942 жылы әскерге алынып, 1944 жылы қазанда Фрунзедегі (Бішкек) жаяу әскер училищесін бітірген. 1944 жылы қазан айынан бастап I Белорусь майданындағы 150-Идрицк атқыштар дивизиясы құрамында взвод басқарып, Польша және Германия жерлеріндегі ұрыстарға қатынасты. Лейтенант Қошқарбаев Берлин операциясы кезінде асқан ерлік көрсетті. 30 сәуірде ол жауынгер Григорий Булатов екеуі Кеңес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен жетіп, жеңіс туын тікті.